<p style="text-align: center;"><b>4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ</b></p> <p>26. Клиент осы Шарттың талаптарына сәйкес міндетті:</p> <p>1) Брокер Клиенттің дербес шотын ашуы үшін осы Шартқа қол қою күнінен бастап Брокерге Брокердің ішкі нормативтік құжаттарымен қарастырылған құжаттарды ұсынуға.</p> <p>2) Брокерге біріншілік нарықта және екіншілік нарықта бағалы қағаздарды сатып алуға/сатуға клиенттік тапсырыстарды, сонымен қатар Брокермен белгіленген нысан бойынша дербес шот бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды жасауға клиенттік бұйрықтарды ұсынуға.</p> <p>3) сауда-саттықты (аукционды) өткізу күнінің алдындағы жұмыс күні Алматы уақыты бойынша 09 сағат 00 минуттан бастап 16 сағат 30 дейін біріншілік нарықта (соның ішінде аукционда), ұйымдастырылған екіншілік нарықта бағалы қағаздарды сатып алуға клиенттік тапсырыстарды ұсынуға; екіншілік нарықта дербес шот бойынша операцияларды жүргізуге клиенттік тапсырыстар операцияны орындау күні Алматы уақыты бойынша 09 сағат 00 минуттан бастап 17 сағат 00 минутқа дейін, халықаралық нарықтағы мәмілелер үшін Алматы уақыты бойынша 09 сағат 00 минуттан бастап 18 сағат 00 минутқа дейін.</p> <p>4) бағалы қағаздарды сатып алуға клиенттік тапсырыстарды ұсынған кезде Брокерде ашылған дербес шотта бағалы қағаздарды сатып алу үшін мөлшерде соманы қамтамасыз ету: <i>біріншілік нарықта (аукционда):</i> теңгемен алынған міндеттемелер бойынша – сауда-саттықтарды (аукционды) өткізу күніне дейін бір жұмыс күні бұрын, валютамен алынған міндеттемелер бойынша – төлем үшін басты болып алынған бағамды белгілеу күні Алматы уақыты бойынша 16 сағат 00 минутқа дейін, <i>екіншілік нарықта</i> – операцияны жүргізу күні Алматы уақыты бойынша 16 сағат 00 минутқа дейін.</p> <p>5) Клиенттің дербес шотында бағалы қағаздардың оң қалдығы шегінде ғана бағалы қағаздарды сатуға клиенттік тапсырыстарды ұсыну.</p> <p>6) мұндай мәліметтерді жария етуге Брокер жазбаша келісімді берген жағдайларды қоспағанда, осы Шартқа байланысты алынған мәліметтердің құпиялығын сақтауға.</p> <p>7) осы Шартпен белгіленген тәртіпте және талаптарда осы Шарт бойынша Брокердің комиссиялық сыйақысын уақытында төлеу.</p> <p>8) қаржылық құралдармен мәмілелерді жүргізуге және Клиенттің мүддесін қорғауға байланысты Брокердің шығындарын, сонымен қатар Шартпен және қосымша келісімдермен Тараптар</p>	<p style="text-align: center;"><b>4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</b></p> <p>26. Клиент обязуется, в соответствии с условиями настоящего Договора:</p> <p>1) для открытия Брокером лицевого счета Клиента, в дату подписания настоящего Договора предоставить Брокеру документы, предусмотренные внутренними нормативными документами Брокера.</p> <p>2) предоставлять Брокеру клиентские заказы на покупку/продажу ценных бумаг на первичном рынке и на вторичном рынке, а также клиентские приказы на совершение операций по лицевому счету и информационные операции по установленной Брокером форме.</p> <p>3) предоставлять клиентские заказы на покупку ценных бумаг на первичном рынке (в том числе на аукционе), на организованном вторичном рынке с 09 часов 00 минут до 16 часов 30 минут алматинского времени рабочего дня, предшествующего дню проведения торгов (аукциона); клиентские заказы на проведение операций по лицевому счету на вторичном рынке с 09 часов 00 минут до 17 часов 00 минут алматинского времени даты исполнения операции, для сделок на международном рынке с 09 часов 00 минут до 18 часов 00 минут алматинского времени.</p> <p>4) при предоставлении клиентского заказа на покупку ценных бумаг, обеспечить на лицевом счете, открытом у Брокера сумму в размере необходимом для покупки ценных бумаг: <i>на первичном рынке (аукционе):</i> по обязательствам в тенге – за один рабочий день до даты проведения торгов (аукциона), по обязательствам в валюте – до 16 часов 00 минут алматинского времени дня установления курса, взятого за базовый для оплаты, <i>вторичном рынке</i> – до 16 часов 00 минут (алматинского времени) даты проведения операции.</p> <p>5) предоставлять клиентские заказы на продажу ценных бумаг только в пределах положительного остатка ценных бумаг на лицевом счете Клиента.</p> <p>6) сохранять конфиденциальность сведений, полученных в связи с настоящим Договором, за исключением случая, когда на разглашение таких сведений Брокер предоставил письменное согласие.</p> <p>7) своевременно производить оплату комиссионного вознаграждения Брокера по настоящему Договору в порядке и на условиях, установленных настоящим Договором.</p> <p>8) оплачивать расходы Брокера, связанные с проведением сделок с финансовыми инструментами и защитой интересов Клиента, а также вознаграждение в порядке и на условиях, определяемых Договором и</p>



<p>анықтаған тәртіпте және талаптарда сыйақыны төлеуге, тіпті егер мәмілелер қалаулы нәтижелерді бермесе де.</p> <p>9) Брокерге Клиентке көрсетілген кез келген қызмет нәтижесінде немесе қатысты жанама немесе тікелей есептелген, қандай да бір себеппен Брокерге келтірілген шығындарды, төлемдерді, міндеттемелерді немесе шығындарды өтеуге, аталған төлемдер, міндеттемелер, шығындар немесе шығыстар Брокер қызметкерлерінің міндеттемелерді ұқыпсыз немесе қасақана орындамауы нәтижесінде Брокердің кінәсінен туындаған жағдайларды қоспағанда.</p> <p>10) Бұйрықты жойған жағдайда оны орындағанға дейін Брокерге нақты келтірілген шығындарды төлеуге.</p> <p>11) Брокерге ұсынылған, Клиенттің атынан (занды тұлға) құжаттарға қол қоюға өкілетті тұлғалардың тізімін өзгерту күнінен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Брокерге Брокермен белгіленген нысан бойынша Клиент туралы мәліметтерді өзгертуге клиенттік бұйрықты ұсынуға. Бұл жағдайда Клиент бір уақытта аталған клиенттік бұйрықпен бірге Брокерге заңнамамен және Брокердің ішкі құжаттарымен қарастырылған мәліметтерден тұратын жаңартылған құжатты, соның ішінде Клиенттің атынан мұндай құжаттарға қол қоятын Клиент өкілдері қолтаңбаларының нотариалдық куәландырылған үлгілерін ұсынады.</p> <p>12) Брокерге Клиенттің дербес шотын ашуға клиенттік бұйрықта көрсетілген Клиент туралы мәліметтерді өзгертуге клиенттік бұйрықтарды және мұндай өзгертулерді растайтын құжаттарды мұндай өзгертулер туындаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға.</p> <p>13) Брокерге өз деректемелерінің кез келген өзгерістері туралы мұндай өзгертулер туындаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлауға.</p> <p>14) Биржада мәмілелер жасалған жағдайда, Брокерден Шарт бойынша орындалғандардың бәрін қабылдау.</p> <p>15) Биржада мәмілелер жасалған жағдайда, Брокерді Бұйрықты және Шартты орындау бойынша үшінші тұлғаның алдында өзіне алған міндеттемелерден босату;</p> <p>16) осы Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де міндеттерді орындау;</p> <p>27. осы Шарттың талаптарына сәйкес Клиент мыналарға құқылы:</p> <p>1) Брокерден Шартта қарастырылған барлық міндеттемелердің орындалуын талап етуге.</p> <p>2) Брокерге жолданған тиісті жазбаша хабарлама арқылы Бұйрықтың параметрлерін өзгертуге, бірақ, мұндай Бұйрық орындалмаған жағдайда.</p> <p>3) Брокерге құнды қағаздарды өтеуден, сатудан, құнды қағаздар бойынша табыстарды төлеуден</p>	<p>дополнительными соглашениями Сторон, даже, если сделки не привели к желаемым результатам.</p> <p>9) возмещать Брокеру платежи, убытки, обязательства или расходы, по какой-либо причине понесенные Брокером, исчисленные косвенно или прямо в отношении или в результате любой оказанной услуги Клиенту, за исключением случаев, когда указанные платежи, обязательства, расходы или убытки возникли по вине Брокера в результате небрежности или умышленного неисполнения обязательств его работниками.</p> <p>10) в случае отмены Приказа до его выполнения оплатить фактически понесенные расходы Брокера.</p> <p>11) не позднее рабочего дня, следующего за днем изменения списка лиц, уполномоченных от имени Клиента (юридического лица) на подписание документов, предоставляемых Брокеру, предоставить Брокеру клиентский приказ на изменение сведений о Клиенте по форме, установленной Брокером. При этом Клиент, одновременно с указанным клиентским приказом, предоставляет Брокеру обновленный документ, содержащий сведения, предусмотренные законодательством и внутренними документами Брокера, в том числе нотариально засвидетельствованные образцы подписей представителей Клиента, которые будут подписывать такие документы от имени Клиента.</p> <p>12) предоставлять Брокеру клиентские приказы на изменение сведений о Клиенте, указанных в клиентском приказе на открытие лицевого счета Клиента, и документы, подтверждающие такие изменения не позднее 1 (одного) рабочего дня с даты возникновения таких изменений.</p> <p>13) извещать Брокера об изменении любых своих реквизитов в срок, не позднее 5 (пяти) календарных дней, с даты возникновения таких изменений.</p> <p>14) в случае совершения сделок на Бирже принять от Брокера все исполненное по Договору.</p> <p>15) в случае совершения сделок на Бирже освободить Брокера от обязательств, принятых им на себя перед третьим лицом по исполнению Приказа и Договора;</p> <p>16) исполнять иные обязанности, установленные настоящим Договором и законодательством Республики Казахстан;</p> <p>27. Клиент вправе, в соответствии с условиями настоящего Договора:</p> <p>1) требовать от Брокера исполнения всех обязательств, предусмотренных Договором.</p> <p>2) изменять параметры Приказа, посредством соответствующего письменного уведомления, направленного Брокеру, но при условии, что такой Приказ не был исполнен.</p> <p>3) предоставлять Брокеру инструкции по использованию денег, полученных от погашения,</p>
---	--



<p>алынған немесе Брокердің талаптарына сәйкес нысан бойынша Брокердің клиент тапсырысын орындамауына байланысты Брокердің шотында жатқан ақшаны пайдалану жөніндегі нұсқаулықты ұсынуға.</p> <p>4) Брокердің ішкі құжаттарында қарастырылған нысан бойынша жазбаша сұрау салуға сәйкес өзінің Дербес шотының жай-күйі туралы ақпарат алуға;</p> <p>5) соның ішінде, Брокер арқылы орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының тәртібімен және соған сәйкес орталық депозитарийді есепке алу жүйесіндегі Клиенттің қосалқы шотының жай-күйі туралы үзінді көшірме алуға.</p> <p>6) Брокерден Құнды қағаздар және Брокердің номиналды ұстауындағы өзге де қаржы құралдары бойынша құқығын растауды алуға;</p> <p>7) Бұйрықтың және (немесе) Өтінімнің орындалуы туралы есепке қатысты қарсылықтар болған жағдайда, Брокер есепті жолдаған күнне бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде мұндай қарсылықтар туралы жазбаша хабарлауға. Хабарланбаған жағдайда, Бұйрықтың орындалуы туралы есепті Клиент қабылдаған болып саналады;</p> <p>8) Тараптар немесе Брокер тарифтері арасындағы жеке келісімде белгіленуі мүмкін қосымша ақыға Брокерден нарықтарда шығарылатын қаржы құралдары және тұтастай қаржы құралдары нарығының жай-күйі туралы қолда бар ақпаратты алуға;</p> <p>9) өзінің уәкілетті тұлғасының атына қаржы құралдарымен және Дербес шотпен операцияларды орындауға нотариалды куәландырылған немесе ресмилендірілген немесе апостильденген (қажет болған жағдайда) сенімхатты дайындауға. Клиент сенімхатты ресімдеуді Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырады;</p> <p>10) клиенттің осы Шартта, Брокердің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтары бар.</p> <p>28. Брокер осы Шарт талаптарына сәйкес мыналарды орындауға міндеттенеді:</p> <p>1) осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде және Клиент осы Шартта қарастырылған құжатты ұсынған жағдайда, Брокердің номиналды ұстауындағы есепке алу жүйесінде Клиенттің дербес шотын, қосалқы шот ашу үшін қажетті Клиенттің барлық деректемелерін ашып көрсете отырып, орталық депозитарийді есепке алу жүйесіндегі Клиенттің қосалқы шотын ашуға;</p> <p>2) Шарттың талаптарына сәйкес Клиент ресімдеген клиенттік тапсырыстар/ бұйрықтарды қабылдауға.</p> <p>3) Клиент Шартта, Брокердің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда, клиенттік тапсырыстарды орындауға.</p>	<p>продажи ценных бумаг, выплаты доходов по ценным бумагам или находящимся на счете Брокера в связи с неисполнением Брокером клиентского заказа, по форме, соответствующей требованиям Брокера.</p> <p>4) получать информацию о состоянии своего Лицевого счета согласно письменного запроса по форме, предусмотренной внутренними документами Брокера;</p> <p>5) получать, в том числе через Брокера, выписки о состоянии субсчета Клиента в системе учета центрального депозитария, в порядке и в соответствии с внутренними документами центрального депозитария.</p> <p>6) получать от Брокера подтверждения прав по Ценным бумагам и иным финансовым инструментам, находящимся в номинальном держании Брокера;</p> <p>7) в случае наличия возражений касательно отчета об исполнении Приказа и/или Заявки в течение 3 (трех) рабочих дней с момента направления отчета Брокера письменно сообщить о таких возражениях. В противном случае, отчет об исполнении приказа считается принятым Клиентом;</p> <p>8) за дополнительную плату, которая может быть определена в отдельном соглашении между Сторонами или тарифах Брокера, получать от Брокера имеющуюся у него информацию о выпускаемых на рынок финансовых инструментах и о состоянии рынка финансовых инструментов в целом;</p> <p>9) подготовить нотариально удостоверенную либо легализованную или апостилированную (в случае необходимости) доверенность на выполнение операций с финансовыми инструментами и по Лицевому счету на имя уполномоченного им лица. Оформление Доверенности осуществляется Клиентом в соответствии с нормами законодательства Республики Казахстан;</p> <p>10) клиент имеет иные права, предусмотренные настоящим Договором, внутренними документами Брокера и законодательством Республики Казахстан</p> <p>28. Брокер обязуется, в соответствии с условиями настоящего Договора:</p> <p>1) течение 3 (трех) календарных дней с даты подписания настоящего Договора и при условии предоставления Клиентом документов, предусмотренных настоящим Договором, открыть лицевой счет Клиента в системе учета номинального держания Брокера, субсчет Клиента в системе учета центрального депозитария с раскрытием всех реквизитов Клиента, необходимых для открытия субсчета.</p> <p>2) принимать клиентские заказы/приказы, оформленные Клиентом в соответствии условиями Договора.</p> <p>3) исполнять клиентские заказы при условии соблюдения Клиентом требований, установленных законодательством Республики Казахстан, настоящим Договором и внутренними нормативными документами Брокера.</p>
--	---



<p>4) қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде клиенттік тапсырысты ең жақсы орындау үшін бар мүмкіндігінше күш салу.</p> <p>5) мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, Брокер өз мүдделерінен Клиенттің басымдығына сүйене отырып, қаржы құралдарымен мәміле жасауға міндетті;</p> <p>6) Клиентке Шартқа сәйкес жасалатын қаржы құралдарымен жасалған мәміле бойынша табыс табуға немесе шығынға ұшырамауға кепілдік бермеуге;</p> <p>7) осы Шарттың 27-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, Клиенттен алынған нұсқаулықтың негізінде, Клиенттен көрсетілген нұсқаулық алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиенттің өз нұсқаулықтарында көрсеткен деректемелері бойынша тиісті ақша сомаларын есепке қосып қоюға. Брокер Клиенттен осы Шарттың 27-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, Клиенттен нұсқаулықты алғанға дейін құнды қағаздарды өтеуден, сатудан, құнды қағаздар бойынша табыстарды төлеуден алынған немесе Брокердің талаптарына сәйкес нысан бойынша Брокердің клиент тапсырысын орындамауына байланысты Брокердің шотында жатқан ақша Брокердің шотында болады.</p> <p>8) Шарт бойынша міндеттерін орындауға байланысты үшінші тұлғалардың қызметін төлеу, содан соң Клиент Брокерге өтеуі үшін Клиентке шоттардың көшірмелерін беруге;</p> <p>9) мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі және фактілері туралы Клиентке хабарлауға;</p> <p>10) уәкілетті мемлекеттік органға Шартқа сәйкес жасалған (жасалуы мүмкін) және өзіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектеулер және ерекше шарттар белгіленген Құнды қағаздармен жасалған мәміле туралы мұндай мәміле жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей ақпарат беруге;</p> <p>11) Клиенттің Дербес шотында бар ақпараттың қате болуының және бұрмалануының алды алу мақсатында ұдайы бақылауды жүзеге асыруға;</p> <p>12) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде бар және Клиенттің Дербес шоты бойынша өзгеріс енгізудің реттілігін орнатуға немесе қалыпқа келтіруге мүмкіндік беретін ақпаратты сақтауға;</p> <p>13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Брокердің ақшасы және қаржылық құралдарынан бөлек Клиенттің қаржылық құралы және ақшасын есепке алу;</p> <p>14) Клиентке хабарлау (егер өзге іс-әрекет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбеген болса):</p> <p>Брокердің қаржылық жай-күйінің нашарлауының, пруденциялық нормативтерді сақтамауының фактілері мен себептері туралы;</p> <p>Брокерге және оның жұмысшыларына қатысты өзін-өзі реттейтін ұйыммен және саудасаттықты ұйымдастырушымен қаржы нарығын және</p>	<p>4) при совершении сделки с финансовыми инструментами прилагать все возможные усилия для наилучшего исполнения клиентского заказа.</p> <p>5) в случае возникновения Конфликта интересов Брокер обязан совершать сделку с финансовыми инструментами, исходя из приоритета интересов Клиента над своими;</p> <p>6) не гарантировать Клиенту получение прибыли или отсутствие убытков по сделкам с финансовыми инструментами, которые будут совершены в соответствии с Договором;</p> <p>7) на основании полученных от Клиента инструкций согласно <b>пп.3. п. 27.</b> настоящего Договора, в течение 3 (трех) рабочих дней с даты получения указанных инструкций Клиента, зачислять соответствующие суммы денег по реквизитам, указанным Клиентом в своих инструкциях. До получения Брокером от Клиента инструкций согласно <b>пп.3. п. 27</b> настоящего Договора, деньги, полученные от погашения, продажи ценных бумаг, от выплаты доходов по ценным бумагам или находящиеся на счете Брокера в связи с неисполнением Брокером клиентского заказа, находятся на счете Брокера.</p> <p>8) оплачивать услуги третьих лиц, связанные с исполнением обязанностей по Договору, с последующим предоставлением Клиенту копий счетов для их компенсации Клиентом Брокеру;</p> <p>9) уведомлять Клиента о возможностях и фактах возникновения Конфликта интересов;</p> <p>10) информировать уполномоченный государственный орган о сделке с Ценными бумагами, совершенной (предполагаемой к совершению) в соответствии с Договором и в отношении которой законодательством Республики Казахстан установлены ограничения и особые условия, не позднее дня, следующего за днем заключения такой сделки.</p> <p>11) осуществлять постоянный контроль с целью предупреждения ошибок и искажения информации, содержащейся на Лицевом счете Клиента;</p> <p>12) хранить информацию, содержащуюся в системе учета номинального держания, и позволяющую установить или восстановить последовательность внесения изменений по Лицевому счету Клиента;</p> <p>13) учитывать финансовые инструменты и деньги Клиента, отдельно от денег и финансовых инструментов Брокера в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;</p> <p>14) уведомлять Клиента (если иного не будет установлено законодательством Республики Казахстан):</p> <p>о фактах и причинах ухудшения финансового состояния, несоблюдения Брокером пруденциальных нормативов;</p> <p>о любых санкциях, предпринятых уполномоченным органом в области регулирования и надзора финансового рынка и финансовых</p>
--	--



қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) қабылдаған кез-келген санкциялар туралы;

осы Шартқа сәйкес жасалуы мүмкін (жасалған) және Шарт жасасқан соң қолданысқа енгізілген құнды қағаздармен мәмілелер жасауға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен ерекше жағдайлар туралы;

Осы хабарламаларды Брокер кез-келген ықтимал байланыс түрімен жіберуі және/немесе осындай хабарламаны жіберуге негіздеме пайда болған күні Брокердің веб-сайтына ([www.tenizcap.kz](http://www.tenizcap.kz)) орналастыруы тиіс.

15) осы Шартта қарастырылған хабарламаларды жазбаша түрде ресімдеу және Клиентке пошта, шабарман, электронды пошта, факсимильді, телексті, телеграфты хабарлама арқылы немесе өзге де ықтимал байланыс түрімен осындай хабарламаны жіберуге негіздеме пайда болған күні жіберу.

16) мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндіктері мен фактілері туралы Клиентке хабарлау. егер мұндай мәмілені жасау мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғатын болса, Брокерге құнды қағаздармен мәміле жасау туралы Клиентке ұсыныс беруге тыйым салынады.

17) осы Шартта, Брокердің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де міндеттемелерді орындауға.

29. Брокер осы Шарттың талаптарына сәйкес, мына жағдайларда бұйрықтардың клиенттік тапсырыстарын орындауға қабылдаудан және/немесе орындаудан бас тартуға құқылы:

1) клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар Брокер белгілеген нысан бойынша ресімделмесе;

2) Брокер осы Шарттың 12-тармағында қарастырылған өзінің құқығын қолданған жағдайларды қоспағанда, Клиенттің Брокерге клиенттік тапсырыстар/бұйрықтарды түпнұсқада (шабарман арқылы) ұсынбаса;

3) клиенттік тапсырыстар/бұйрықтардың мазмұнында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа қарама-қайшылықтары бар болса;

4) Клиент өкілдерінің клиенттік тапсырыстар/бұйрықтардағы қолдарының үлгілері нотариалды куәландырылған үлгілерге сәйкес келмесе;

5) егер тапсырыста/бұйрықта механикалық немесе өз қолымен қойылған қолды өзге де ұқсас көшіру арқылы қойылған қолды факсимильді жаңғырту құралдары қолданылған болса.

6) егер қол қою және /немесе мөрдің баспа-таңбасы үлгісінде қол қоюдың үлгілері бар карточкада көрсетілген Бұйрықтағы (қағаз нұсқада) қол қою және /немесе мөрдің баспа-таңбасы үлгісінің көзбе-көз сәйкессіздігі бар болса;

организаций (далее – уполномоченный орган), саморегулируемой организацией и организатором торгов по отношению к Брокеру и его работникам;

об ограничениях и особых условиях, установленных законодательством Республики Казахстан в отношении сделок с ценными бумагами, которые предполагаются к совершению (совершенных) в соответствии с настоящим Договором, и введенных в действие после его заключения;

Данные уведомления должны быть отправлены Брокером, любыми возможными видами связи и/или размещены на веб-сайте Брокера ([www.tenizcap.kz](http://www.tenizcap.kz)) в день возникновения основания отправки такого уведомления.

15) оформлять уведомления, предусмотренные настоящим Договором, в письменном виде и отправлять Клиенту почтой, нарочным, электронной почтой, факсимильным, телексным, телеграфным сообщением или иными возможными видами связи в день возникновения основания отправки такого уведомления.

16) уведомлять Клиента о возможностях и фактах возникновения конфликта интересов. Брокеру запрещается дача рекомендаций Клиенту о совершении сделки с ценными бумагами, если исполнение такой сделки приведет к возникновению конфликта интересов.

17) исполнять иные обязанности, установленные настоящим Договором, внутренними документами Брокера и законодательством Республики Казахстан.

29. Брокер вправе, в соответствии с условиями настоящего Договора отказаться от принятия к исполнению и/или от исполнения клиентских заказов/приказов в случае:

1) оформления клиентских заказов/приказов не по форме, установленной Брокером;

2) предоставления Клиентом Брокеру клиентских заказов/приказов не в оригинале (не нарочным способом), за исключением случаев, когда Брокер применил свое право, предусмотренное п. 12 настоящего Договора;

3) при наличии противоречия содержания клиентского заказа/приказа действующему законодательству Республики Казахстан и настоящему Договору;

4) несоответствия образцов подписей представителей Клиента на клиентских заказах/приказах образцам, засвидетельствованным нотариально;

5) если были использованы в заказе/приказе средства факсимильного воспроизведения подписи с помощью механического или иного копирования аналога собственноручной подписи, отраженного в карточке с образцами подписей.

6) если присутствует визуальное несоответствие образца подписи и /или оттиска печати на Приказе (на бумажном носителе) подписям и /или оттиску печати, указанным в карточке с образцами подписей;



<p>7) егер Бұйрық осы Шарттың 23-тармағында дәлелденбеген болса;</p> <p>8) егер факс немесе электронды пошта арқылы (сканерленген түрде) жеткізілген клиенттік тапсырыс/бұйрықты Брокер клиенттік тапсырыс/бұйрықтың факстік немесе сканерленген нұсқасының сапасының нашар болуының салдарынан бір мағыналы түсініле (оқыла) алмаса;</p> <p>9) клиенттік тапсырыс/бұйрықтың мазмұны бойынша Клиентпен қарама-қайшылықтар бар болса;</p> <p>10) Клиент осы Шарттың 26-тармағы 3) тармашасында белгіленген клиенттік тапсырыстарды ұсыну мерзімін бұзса;</p> <p>11) осы клиенттік тапсырыс/бұйрыққа Қазақстан Республикасының заңнамасына, соның ішінде, құнды қағаздар нарығында бағалармен амал-шарғы жасау саласындағы заңнамасына сәйкес жасалуы тиіс қаржы құралдарымен мәміленің қарама-қайшылығы бар болса;</p> <p>12) клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар деректемелері заңнамада белгіленген немесе дербес шот/қосалқы шот деректемелеріне сәйкес келмесе;</p> <p>13) Клиент мезгілсіз, осы Шарттың 26-тармағы 4) тармашасына сәйкес, Брокердің шотына ақша аударған немесе толық емес көлемде, соның ішінде комиссиялық сыйақыны есепке алмай, ақша аударған жағдайда, клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындау үшін Клиенттің шотында (қосалқы шоттарында) қажетті көлемде құнды қағаздар және немесе/ақша болмаса;</p> <p>14) егер өзіне қатысты клиенттік тапсырыс/бұйрық ұсынылған құнды қағаздарға салмақ түскен жағдайда немесе өзіне қатысты клиенттік тапсырыс/бұйрық ұсынылған құнды қағаздардың айналымын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы тиісті мемлекеттік органдардың немесе соттың шешімдері болған жағдайда;</p> <p>15) Брокер операцияны жасауы үшін клиенттік бұйрықты алған күннен бастап, 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде контрагенттің қарсы бұйрығы болмаса;</p> <p>16) клиенттік тапсырыс/бұйрықта көрсетілген дербес шот немесе қосалқы шот бұғатталса;</p> <p>17) Клиент Брокерге Клиент бұрын факсимильді байланыс немесе электронды пошта арқылы жіберген тапсырыс/бұйрықтардың түпнұсқаларын ұсынбаса;</p> <p>18) Клиенттің Брокердің алдында Брокерге комиссиялық сыйақы төлеу бойынша берешегі болса немесе Клиенттік тапсырысты (бұйрықты) орындау кезінде тап осындай жағдай туындаса және сонымен қатар, Брокерге комиссиялық сыйақы төлеу үшін Клиенттің ақшасы болмаса (жеткіліксіз болса);</p> <p>19) құнды қағаздар және өзге де қаржылық құралдармен операцияны жүзеге асыру кезінде қажетті қосымша ақпараттың болмауы және/немесе Клиенттің оны ұсынбауы;</p> <p>20) мәміле мазмұнының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкессіздігі;</p>	<p>7) если Приказ не был подтвержден согласно п. 23 Договора;</p> <p>8) если клиентский заказ/приказ, предоставленный по факсу или электронной почте (в сканированном виде), не может быть однозначно воспринят (прочитан) Брокером вследствие плохого качества факсового или сканированного варианта клиентского заказа/приказа;</p> <p>9) при наличии разногласий с Клиентом по содержанию клиентского заказа/приказа;</p> <p>10) нарушения Клиентом сроков представления клиентских заказов, установленных в пп.3 п. 26 настоящего Договора;</p> <p>11) при наличии противоречия сделки с финансовыми инструментами, подлежащей совершению в соответствии с данным клиентским заказом/приказом, законодательству Республики Казахстан, в том числе в области манипулирования ценами на рынке ценных бумаг;</p> <p>12) несоответствия реквизитов клиентских заказов/приказов реквизитам, установленным законодательством, или реквизитам лицевого счета/субсчета;</p> <p>13) отсутствия необходимого количества ценных бумаг и/или денег на счетах (субсчетах) Клиента для исполнения клиентского заказа/приказа, в том числе в случае несвоевременного, в соответствии с пп.4 п.26 настоящего Договора, перечисления Клиентом денег на счет Брокера либо перечисление денег не в полном объеме, в том числе без учета комиссионного вознаграждения Брокера;</p> <p>14) если ценные бумаги, в отношении которых представлен клиентский заказ/приказ, обременены или имеется решения соответствующих государственных органов либо суда о приостановлении или прекращении обращения ценных бумаг, в отношении которых подан клиентский заказ/приказ;</p> <p>15) отсутствия в течение 2 (двух) календарных дней, с даты получения Брокером клиентского приказа на совершение операции, встречного приказа контрагента;</p> <p>16) лицевой счет или субсчет, указанные в клиентском заказе/приказе, заблокированы;</p> <p>17) не предоставления Клиентом Брокеру оригиналов ранее направленных Клиентом посредством факсимильной связи или электронной почты клиентских заказов/приказов;</p> <p>18) наличия задолженности Клиента перед Брокером по оплате комиссионного вознаграждения Брокера или возникновения таковой при выполнении Клиентского заказа (приказа) и отсутствии (недостаточности) при этом денег у Клиента для оплаты комиссионного вознаграждения Брокера;</p> <p>19) отсутствия и/или непредставления необходимой дополнительной информации от Клиента при осуществлении операций с ценными бумагами и иными финансовыми инструментами;</p> <p>20) несоответствия содержания сделки законодательству Республики Казахстан;</p>
--	--



<p>21) клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда ірі қатысушы мәртебесін алуға қаржы нарығы және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның келісімін білдіретін мәмілені, құжатты белгіленген мерзімде тіркеуге ұсынбауы;</p> <p>22) құнды қағаздардың айналымын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы тиісті мемлекеттік органдардың немесе соттың шешімінің болуы.</p> <p>30. Осы Шарттың 29-тармағында қарастырылған жағдайлардан басқа, Брокер Брокердің ішкі құжаттарында қарастырылған өзге де жағдайларда клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды орындауға қабылдаудан және/немесе орындаудан бас тартуға құқылы.</p> <p>31. Брокер акцептісіз тәртіпте Шарт бойынша сыйақы сомасын, шығындар сомасын, Шарт бойынша тұрақсыздық айыбын, Орталық депозитарийде және Кастодианда ашылған Шарт бойынша Клиенттің шотынан Клиент төлеуі тиіс өзге де сомаларды шығарып тастауға құқылы.</p> <p>32. Брокер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Брокерге берешегі болған жағдайда және Шартта қарастырылған өзге де негіздерде Клиенттің мүлкін ұстап қалуға, егер Клиент өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған жағдайда, осы Шартта көрсетілген ставкалар бойынша тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы.</p> <p>33. Брокер осы Шарт бойынша жаңа тарифтер қолданысқа енгізілетін күннен 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Клиентке хабарлай отырып, Брокерлік қызметтер тарифтерін біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы. Сонымен қатар, Клиенттің мұндай хабарландыруын Брокер Брокердің ғимараттарында (соның ішінде, бас кеңседе, өкілдіктерде) арнайы хабарландыруларды ілу арқылы, <a href="http://www.tenizcap.kz">www.tenizcap.kz</a> веб-сайтында, сондай-ақ, Клиенттің электронды поштасының мекен-жайына электронды хабарламалар жіберу арқылы жүзеге асырады. Клиент Брокердің өзгертілген тарифтерімен келіспеген жағдайда, осы Шартты Шарттың 89-93-тармақтарында қарастырылған тәртіпте бұзуға құқылы.</p> <p>34. Уәкілетті мемлекеттік органға Шартқа сәйкес жасалған (жасалуы мүмкін) және өзіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектеулер және ерекше шарттар белгіленген Құнды қағаздармен жасалған мәміле туралы ақпарат беруге.</p> <p>35. Клиент туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес мәлімет беруге.</p> <p>36. Брокердің осы Шартпен, Брокердің ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де құқықтары бар.</p>	<p>21) непредставления клиентом в срок, установленный для регистрации сделки, документа, подтверждающего согласие уполномоченного государственного органа, осуществляющего государственное регулирование, контроль и надзор финансового рынка и финансовых организаций, на приобретение статуса крупного участника, в случаях, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан;</p> <p>22) наличия решения соответствующих государственных органов либо суда о приостановлении или прекращении обращения ценных бумаг.</p> <p>30. Помимо случаев, предусмотренных в п. 29 настоящего Договора, Брокер вправе отказаться от принятия к исполнению и/или от исполнения клиентских заказов/приказов и в иных случаях, предусмотренных внутренними документами Брокера.</p> <p>31. Брокер вправе в безакцептном порядке списать сумму вознаграждения по Договору, сумму расходов, неустойку по Договору, иные суммы подлежащие оплате Клиентом по Договору с Клиентского счета, открытого в Центральном депозитарии и Кастодиане.</p> <p>32. Брокер вправе удерживать в соответствии с законодательством Республики Казахстан имущество Клиента, в случае наличия задолженности перед Брокером и по иным основаниям, предусмотренным Договором, начислять неустойку по ставкам, указанным в настоящем Договоре, в случае если Клиент не исполняет или ненадлежащим образом исполняет свои обязательства.</p> <p>33. Брокер вправе в одностороннем порядке изменять тарифы на услуги Брокера по настоящему Договору, с уведомлением об этом Клиента за 10 (десять) календарных дней до даты введения в действие новых тарифов. При этом такое уведомление Клиента осуществляется Брокером путем вывешивания специальных объявлений в помещениях Брокера (в т.ч. головном офисе, представительствах), на веб-сайте – <a href="http://www.tenizcap.kz">www.tenizcap.kz</a> а также посредством направления электронных сообщений на адрес электронной почты Клиента. В случае несогласия Клиента с измененными тарифами Брокера, Клиент вправе расторгнуть настоящий Договор в порядке, предусмотренном п. 89 -93 настоящего Договора.</p> <p>34. Информировать уполномоченный орган о сделках с ценными бумагами, совершенных (предполагаемых к совершению) в соответствии с настоящим Договором и в отношении которых законодательством Республики Казахстан установлены ограничения и особые условия.</p> <p>35. Предоставлять сведения о Клиенте в соответствии с законодательством Республики Казахстан и условиями настоящего Договора.</p> <p>36. Брокер имеет иные права, предусмотренные настоящим Договором, внутренними документами Брокера и законодательством Республики Казахстан.</p>
---	--





## 5. ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

37. Осы Шарт бойынша Брокердің қызметіне берілетін комиссиялық сыйақы (осы жерде және мәтіннің барлық жерінде – комиссиялық сыйақы) мыналардан тұрады:

1) клиенттік тапсырыстар/бұйрықтарды орындағаны үшін Брокердің тарифтеріне сәйкес белгіленетін тіркелген комиссиялық сыйақыдан.

2) осы Шарт талаптарын орындау кезінде (қызмет көрсету процесінде) туындайтын Брокер шығындарынан, атап айтқанда:

- орталық депозитарийдің, сауда-саттық ұйымдастырушылардың, кастодианның, банктердің, көлденең брокер-дилерлердің, номиналды ұстаушы қызметтерін жүзеге асыратын тиісті халықаралық ұйымдардың және өзге де Клиенттің құнды қағаздарымен мәмілелерге қызмет көрсетуге қатысқан құнды қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметін төлеу бойынша шығындардан.

- нарықтық қатынастардан және Клиенттен қандай да бір өкімдер немесе клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар алмай тұрып, Брокердің де, Клиенттің де шығындарын оңтайдандырудан шығатын Брокердің бастамашылық етуімен өткен абзацта көрсетілген тұлғадан басқа тұлғаға Клиенттің құнды қағаздары және ақшаларын аударуға (соның ішінде, смена кастодианды ауыстыру, номиналды ұстаушыны немесе өзге де Клиенттің құнды қағаздарымен мәмілелерге қызмет көрсетуге қатысқан құнды қағаздарды кәсіби қатысушыларды) байланысты шығындардан.

38. Брокердің тарифтеріне сәйкес, есептелген құнды қағаздарды сатып алуға Брокердің клиенттік тапсырысты орындағаны үшін комиссиялық сыйақыны, Брокердің шотына құнды қағаздарды сатып алуға ақша аударымдарымен, содан кейін Брокердің комиссиялық сыйақы сомасын ұстап қалуымен бір мезгілде аударады.

39. Брокердің құнды қағазды сатуға клиенттік тапсырысты орындағаны үшін комиссиялық сыйақыны төлеу осы Шарттың 27-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Клиент ұсынған нұсқаулықты орындағанға дейін құнды қағаздарды сатудан алынған ақша сомасынан Брокердің өзінің тарифтеріне сәйкес есептелген комиссиялық сыйақыны ұстап қалуы арқылы жүзеге асырылады.

40. Брокердің клиенттік тапсырысты орындағаны үшін комиссиялық сыйақыны төлеу Брокердің шотында бар Клиенттің ақшасынан Брокердің тарифтеріне сәйкес есептелген комиссиялық сыйақы сомасын клиенттік бұйрықты орындаған (дербес шот және ақпараттық операцияларды жүзеге асыру) күні Брокердің ұстап қалуы арқылы жүзеге асырылады.

41. Брокердің осы Шарттың талаптарын орындау процесінде (қызмет көрсету процесінде) пайда болған

## 5. ПОРЯДОК ОПЛАТЫ

37. Комиссионное вознаграждение Брокера за услуги по настоящему Договору (здесь и везде по тексту – комиссионное вознаграждение) состоит из:

1) фиксированного комиссионного вознаграждения за исполнение клиентских заказов/приказов, устанавливаемого в соответствии с тарифами Брокера.

2) расходов Брокера, возникающих в процессе исполнения условий настоящего Договора (в процессе оказания услуг), а именно:

- расходы по оплате услуг центрального депозитария, организатора торгов, кастодианов, банков, сторонних брокеров-дилеров, соответствующих международных организаций, осуществляющих функции номинального держателя, и иных профессиональных участников рынка ценных бумаг, принимавших участие в обслуживании сделок с ценными бумагами Клиента.

- расходы, связанные с переводом ценных бумаг и денег Клиента от одного из указанных в предыдущем абзаце лица другому (в том числе смена кастодиана, номинального держателя или иного профессионального участника рынка ценных бумаг, принимавших участие в обслуживании сделок с ценными бумагами Клиента), инициированным Брокером, исходя из рыночных условий и оптимизации расходов как Брокера, так и Клиента, без получения при этом от Клиента каких-либо распоряжений или клиентских заказов/приказов.

38. Комиссионное вознаграждение за исполнение Брокером клиентского заказа на покупку ценных бумаг, рассчитанное в соответствии с тарифами Брокера, перечисляется Клиентом на счет Брокера одновременно с перечислением денег для покупки ценных бумаг, с последующим удержанием Брокером суммы комиссионного вознаграждения.

39. Оплата комиссионного вознаграждения за исполнение Брокером клиентского заказа на продажу ценных бумаг осуществляется посредством удержания Брокером суммы комиссионного вознаграждения, рассчитанного в соответствии с тарифами Брокера, из суммы денег, полученной от продажи ценных бумаг, до исполнения инструкций Клиента, данных последним в соответствии с **пп.3 п. 27** настоящего Договора.

40. Оплата комиссионного вознаграждения за исполнение Брокером клиентских приказов (осуществление операций по лицевому счету и информационных операций) осуществляется посредством удержания Брокером в дату исполнения клиентского приказа суммы комиссионного вознаграждения, рассчитанного в соответствии с тарифами Брокера, из денег Клиента, имеющихся на счете Брокера.

41. Расходы Брокера, возникающие в процессе исполнения условий настоящего Договора (в процессе



және Брокердің комиссиялық сыйақысына кіретін шығындарын Брокер Клиенттен немесе Клиенттің пайдасына Брокердің шотына түскен кез-келген ақша сомасынан ұстайды.

42. Осымен Клиент Брокерге осы Шарттың **38-41-тармақтарында** қарастырылған тәртіпте комиссиялық сыйақы сомаларын Клиенттен немесе Клиенттің пайдасына Брокердің шотына түскен кез-келген ақша сомасынан ұстауға сөзсіз келісім береді. Брокердің шотында теңге түрінде ақша болмаған және мұндай шотта ақша шетел валютасымен болған жағдайда, Брокердің комиссиялық сыйақысының сомалары осындай ақшадан оларды алдын ала теңгеге айырбастау арқылы шетел валютасымен ұсталады. Сонымен қатар, шетел валютасын теңгеге айырбастау кастодиан белгілеген валютаны теңгеге сату курсы бойынша кастодиан тарифтерімен белгіленген айырбастауды жүргізгені үшін комиссия сомаларын айырбасталатын ақшадан өндіріп алу арқылы тиісті соманы Брокер ұстап қалған күні жүргізіледі.

43. Осы Шарттың 38-41-тармақтарына сәйкес, сомаларды ұстап қалу нәтижелері бойынша, Брокер ай сайын ұсталған тіркелген комиссиялық сыйақыға қатысты – есептік айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірілмей, ал комиссиялық сыйақыға кіретін шығындарға қатысты - есептік айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірілмей, есептік айда ұсталған сомалар туралы электронды немесе жазбаша түрде хабарлама ұсынады. Сонымен қатар, Клиентке тиісті сомаларға шот-фактура ұсынылады, сонымен қатар, бір данасына Клиент қол қойғаннан кейін Брокерге қайтарылатын екі данада есептік айдағы орындалған қызметтер актісі ұсынылады. Сонымен қатар, кез-келген жағдайда, орындалған қызметтер актісі және тиісті шот-фактура, осы Шарттың 38-41-тармақтарына сәйкес, Брокер ұстағаннан немесе есептік айдағы Клиент Брокердің комиссиялық сыйақысын толық көлемде өз бетімен төлегеннен бұрын емес, Клиентке (занды тұлғаға) ұсынылады.

оказания услуг) и входящие в комиссионное вознаграждение Брокера, удерживаются Брокером из любых сумм денег, поступивших от Клиента или в пользу Клиента на счет Брокера.

42. Настоящим Клиент предоставляет Брокеру безусловное согласие на удержание сумм комиссионного вознаграждения в порядке, предусмотренном **п.38-41.** настоящего Договора, из любых сумм денег, поступивших от Клиента или в пользу Клиента на счет Брокера. В случае отсутствия на счете Брокера денег в тенге, и наличии на таком счете денег в иностранной валюте, суммы комиссионного вознаграждения Брокера удерживаются из таких денег в иностранной валюте с предварительной конвертацией их в тенге. При этом, конвертирование иностранной валюты в тенге производится по установленному кастодианом курсу продажи валюты к тенге, на день удержания Брокером соответствующих сумм, с взиманием из конвертируемых денег сумм комиссии за проведение конвертации, установленной тарифами кастодиана.

43. По итогам удержания сумм в соответствии с **п.38-41.** настоящего Договора, Брокер ежемесячно в отношении удержанного фиксированного комиссионного вознаграждения - не позднее 10 (десятого) числа месяца, следующего за отчетным, а в отношении расходов, входящих в комиссионное вознаграждение, - не позднее 15 (пятнадцатого) числа месяца, следующего за отчетным, предоставляет Клиенту в электронном или бумажном виде уведомления об удержанных в отчетном месяце суммах. При этом, Клиенту предоставляется счет-фактура на соответствующие суммы, а также, при предоставляется Акт выполненных Услуг за отчетный месяц в двух экземплярах, один из которых, после его подписания Клиентом, возвращается Брокеру. При этом, в любом случае, Акт выполненных Услуг и соответствующая счет-фактура предоставляется Клиенту (юридическому лицу) не ранее удержания Брокером, в соответствии с **п.38-41.** Договора, или самостоятельной оплаты Клиентом в полном объеме комиссионного вознаграждения Брокера за отчетный месяц.



